

2014 жылға арналған Сандықтау ауданының аумағында тұратын, нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 20 қаңтардағы № А-1/18 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 12 ақпанда № 4005 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабына және 7-бабының 2-тармақшасына сәйкес, Сандықтау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылға арналған Сандықтау ауданының аумағында тұратын, нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) ұзақ уақыт жұмыс істемейтіндер (бір жылдан астам);
- 2) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастағы жастар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **В.Гороховацкийге** жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сандықтау ауданының әкімі

Е.Сағдиев